

## **Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 12 ақпандағы N 103

Қазақстанды дамытудың 2030 жылға дейінгі Стратегиясының "Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты" ұзақ мерзімді басымдығын және Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1998 жылға арналған нақты тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 1998-2000 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендіру бағдарламасы (бұдан әрі - шағын несиелендіру бағдарламасы) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы, әйелдер және демографиялық саясат проблемалары жөніндегі кеңестің қоғамдық қор нысанындағы Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің үкіметтік емес ұйымын (бұдан әрі - "Шағын несие" үкіметтік емес ұйымы) құруға қатысу туралы ұсынысы қабылдансын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

заңмен белгіленген тәртіппен "Шағын несие" үкіметтік емес ұйымының құрылтайшысы болсын;

"Шағын несие" үкіметтік емес ұйымының атқарушы органын және оның өкілдігін орналастыру үшін Алматы және Ақмола қалаларында үй-жайлар бөлсін.

4. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі "Шағын несие" үкіметтік емес ұйымының қайтарымызсыз негізде мемлекеттік еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорының 1998 жылға арналған бюджетінен шағын несиелендіру үшін көзделген қаражатты бөлсін.

5. Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі шағын несиелендіру бағдарламасын жүзеге асыру үшін техникалық және қаржы көмегін тарту жөнінде халықаралық ұйымдармен және шетелдік мемлекеттермен келіссөздер жүргізісін.

6. Республиканың облыстарының, астанасының, қалаларының, аудандарының, поселкелерінің, селоларының және ауылдарының әкімдері "Шағын несие" үкіметтік емес ұйымының қызметіне жан-жақты жәрдем көрсетсін.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1998 жылғы 12 ақпандағы  
N 103 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген  
азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000  
жылдарға арналған  
бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

Шағын несиелендіру - кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай туғызуға және ең аз қамтамасыз етілген азаматтардың өзін-өзі жұмыспен қамтуына бағытталған несиелендірудің нысандарының бірі. Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын шағын несиелендірудің 1998-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру қайтарымдылық жағдайда, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін ең аз қамтамасыз етілген азаматтарға ақшалай және/немесе тауарлық несиелендіру процесінде туындайтын қатынастардың жүйесіне негізделген.

Бағдарламамен республиканың ең аз қамтамасыз етілген азаматтары, негізінен, село халқы, басым көбі еңбекке қабілетті жастағы жұмыссыздар қамтылатын болады. Осы Бағдарлама 1998 жылдан бастап, аймақтар бойынша кезең-кезеңімен Қазақстанның б ү к і л а у м а ғ ы н қ а м т и д ы .

Кедей адамдардың басым бөлігі, әдетте, оңтүстік облыстарға тән, саны жағынан көп үй шаруашылықтарында байқалып отырғаны ескеріліп, 1998 жылы Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарында, сондай-ақ Шығыс Қазақстан облысының оңтүстік аймақтарында, Қостанай облысының Арқалық қаласында шағын несиелендіру жөнінде тездік жобаларды жүзеге асыру ұйғарылуда.

Шағын несиелер, олар Мемлекеттік еңбекпен қамтуға жәрдемдесу қорынан төленетін әлеуметтік қолдаудың кез-келген түрінен өз еркімен бас тартқан жағдайда, ресми жұмыссыз деп танылған азаматтарға беріледі.

Ең аз қамтамасыз етілген азаматтарды шағын несиелендіру бағдарламасын іске асыру үшін Қазақстан Республикасының ең аз қамтамасыз етілген азаматтарын несиелендірудің үкіметтік емес ұйымы ("шағын несие" ҮЕҰ) құрылады.

Шағын несиелерге қызмет көрсетуді ел аймақтарында тармақты филиалдық желілері бар уәкілетті банк жүзеге асыратын болады. "Шағын несие" ҮЕҰ өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес банктің шоттарында орналастырылған ақшаға иелік е т е д і .

Банк шағын несиелерге қызмет көрсету (төлем тапсырмаларының негізінде қаражат төлеу, беру-қабылдау және басқалары) үшін жауапкершілікте болады.

Бағдарламаны жүзеге асыру үшін, ҮЕҰ-ден басқа, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тиісті бөлімшелері, қоғамдық және ғылыми ұйымдар, шетелдік және жергілікті сарапшылар, жергілікті атқарушы органдар жұмылдыратын б о л а д ы .

Шағын несиелендіру мынадай принциптерге:

\* ең аз қамтамасыз етілген азаматтар үшін несие ресурстарының қол жетерлік б о л у ы н а ;

\* шағын несиелендіру және халықты тиісті оқыту жөнінде толық

ақпарат беру жолымен заемшыларды іріктеу өлшемдерінің және шағын несиелер беру тәртібінің ашықтығына;

\* несиелердің қайтарымдылығына және шағын несиелендіруді кеңейту үшін қаражат жинақтауға негізделеді.

ЕСКЕРТУ. I-бөліктің 3 абзацы өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.08.01.

N 730 қаулысымен.

Р 9 8 0 7 3 0 \_

## II. Бағдарламаның мақсаттары

осы Бағдарлама мынадай мақсатты:

\* еңбекпен қамтуды қамтамасыз етуді, кірістерді көбейтуді, кедейшілікті төмендетуді;

\* халықтың еңбекке қабілетті еңбекпен қамтылмаған бөлігі арасында жеке және отбасылық кәсіпкерлікті дамытуды көздейді.

### III. Шағын несиелерді берудің шарты

Шағын несиелер жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысқысы келетін, бірақ қажетті бастапқы капиталы мен несиелер алу үшін кепілдігі немесе өзге қамтамасыз етерлік мүмкіндігі жоқ, ең аз қамтамасыз етілген азаматтар мен жұмыссыздарға беріледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жұмыспен қамту қызметі бағдарламаның ш е н б е р і н д е :

белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылғандардың ішінен ең аз қамтамасыз етілген азаматтардың саны туралы "Шағын несие" ҮЕҰ ақпарат ұсынады;

қажет жағдайларда белгіленген тәртіппен жұмыссыз деп танылғандардың қатарынан ең аз қамтамасыз етілген азаматтарды жеке кәсіпкерліктің ұсынылған түрлері бойынша оқытуды жүргізеді;

кепілдің болмауы не жетіспеуі себебі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 маусымдағы N 927 қаулысымен P970927\_ бекітілген "Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының қаражатынан жаңа жұмыс орындарын құруды және жеке кәсіпкерлікті дамытуды қолдаудың тәртібі туралы" ережеге сәйкес заем алмаған, бірақ кәсіпкерлік қызметте белгілі бір тәжірибесі бар кәсіпкерлердің тізімдерін шағын несие алған заемшыларды біріктіру үшін "Шағын несие" ҮЕҰ-на ұ с ы н а д ы .

Шағын несиелендіру топтарын құру жан-жақты ынталандырылатын болады.

Осы Бағдарламаның мақсаты үшін ең аз қамтамасыз етілген азаматтардың санатына жан басына шаққанда іс жүзінде тұтыну бойынша есептелген ең төменгі азық-түлік себетінің құны мен ең төменгі азық-түліктік емес себеттің құнын қамтитын өмір сүрудің төменгі деңгейінен төмен кірісі бар адамдар жатады.

### IV. Шағын несиелендірудің тетігі

Шағын несиелендірудің талаптары шағын несиелендірудің мақсатты арналуы міндетті түрде көрсетілетін несие шартында айқындалады.

Шағын несиелер заемшы мен "шағын несие" ҮЕҰ арасындағы жасалған, берілген қаражатты мақсатты жұмсау және оларды жеке мұқтаждарына (тамақ өнімдерін алуға, киім-кешек, тұрмыстық мақсаттағы заттар сатып алуға) пайдалануға тыйым салынатындығы айтылатын несие шартының негізінде, тек ақшалай нысанда ғана беріледі. Сондай-ақ, несие шартында алынған қаражатты қайтару жөніндегі талаптар н а қ т ы а й т ы л у ы т и і с .

Шағын несиені өтеудің мерзімдері қызметтің түріне қарай жеке белгіленеді.

Шағын несиені қайтару өнімді өндіру және сату циклы ескеріле отырып несиелік шартының тараптары келіскен, қаражатты қайтару кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Екінші (үшінші) шағын несиені алу кезінде бірінші (екінші) шағын несиені іске асырудың нәтижесінде жинақталған және екінші (үшінші) шағын несиенің есебінен сатып алынған мүліктің кепілі түрінде қамтамасыз ету талап етіледі.

Бірінші шағын несиелік жұмыс өндірісінің және көрсетілетін қызметтің циклы ескеріле отырып, 18 айдан аспайтын мерзімге, жылдық 5 проценттік ставкамен 400 АҚШ долларына дейінгі сомда беріледі.

Одан кейінгі шағын несиелер несиелік шартының тараптарымен келісілген жылдық проценттік ставкамен, неғұрлым ірі сомда беріледі.

Екінші және кейінгі шағын несиелердің алынуы:

\* оның алдындағы шағын несиенің шарттарын толық орындауға және қайтаруға;

\* материалдық базаның нығаю дәрежесіне байланысты болады.

## V. Шағын несиелік беру тобы

Шағын несиелендіру тобын (ШНТ) ерікті негізінде ірі сомда шағын несиелік алуға үміткер, ең аз қамтамасыз етілген азаматтар құрады.

ШНТ-ның әрбір мүшесі міндеттемелер бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген мөлшерлерде және тәртіппен ынтымақтастықты жауаптылықта болады.

ШНТ-ны құру - сауатты заемшыларды тәрбиелеу және оның мүшелерін

кәсіпкерлікке машықтандыру мақсатын көздейді.

ШНТ-нің құрылуына жергілікті басқару органдары мен мүдделі қоғамдық ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ беделді адамдар мен көрнекті қоғам қайраткерлері жәрдем көрсетуі тиіс.

ШНТ-нің функциясына:

\* нақты бизнес-идеялар әзірлеу, несиелік өтінімдерін бағалау және оларды іске асыру;

\* "шағын несиелік" ҮЕҰ-ның жергілікті өкілдіктерімен және банк-агентпен өзара іс-қимыл жасау кіреді.

## VI. Ең аз қамтамасыз етілген азаматтарды несиелендірудің үкіметтік емес ұйымы ("Шағын несиелік" ҮЕҰ) және шағын несиелендірудің жүйесі

Ең аз қамтамасыз етілген азаматтарды шағын несиелендірудің үкіметтік емес ұйымы қоғамдық қор нысанында құрылады. "Шағын несие" ҮЕҰ шағын несие беру үшін заңдарда және өзінің жарғысында белгіленген тәртіппен банк қызметінің жекелеген түрлерін көрсететін болады.

"Шағын несие" ҮЕҰ қоғамдық қорының жоғарғы органы Қамқоршылық кеңесі болып табылады. Қамқоршылық кеңесінің құрамы, оның Төрағасын тағайындау, оның функциялары мен міндеттері "Шағын несие" ҮЕҰ қоғамдық қорының Жарғысында айтылады.

"Шағын несие" ҮЕҰ-ның қызметін ұйымдастыруды Атқарушы дирекция (орталық орган) және аймақтық, кіші аймақтық, жергілікті өкілдіктер жүзеге асыратын болады.

"Шағын несие" ҮЕҰ-ның ұйымдық құрылымы:

1. Орталық орган - атқарушы дирекция

2. Алты аймақтық өкілдік:

1-ші аймақ: Батыс Қазақстан, Атырау және  
Маңғыстау облыстары;

2-аймақ: Ақтөбе және Қызылорда облыстары;

3-аймақ: Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және  
Алматы облыстары;

4-аймақ: Шығыс Қазақстан және Павлодар  
облыстары;

5-аймақ: Қарағанды және Ақмола облыстары;

6-аймақ: Қостанай және Солтүстік Қазақстан  
облыстары.

Бастапқы кезеңде 2-ші, 3-ші және 4-ші аймақтардың өкілдіктері құрылатын болады.

3. "Шағын несие" ҮЕҰ-ның шағын несиелендірумен қамтылған 10 елді мекенді біріктіретін кіші аймақтық өкілдіктері.

4. "Шағын несие" ҮЕҰ-ның 10 шағын несиелендіру тобын біріктіретін жергілікті өкілдіктері.

"Шағын несие" ҮЕҰ-ның негізгі міндеттері:

\* Бағдарламамен қамтылған ең аз қамтамасыз етілген азаматтар тобының шеңберін ұдайы кеңейтіп отыру;

\* Донорларды белсенді іздестіру және шағын несиелендіру үшін гранттар тарту;

\* Шағын несиелендірудің нақты, транспарентті және таралған жүйесін қалыптастыру;

\* Бұқаралық ақпарат құралдарында тұрақты жариялау және оны жүзеге асыруға жұртшылықтың кең шеңберін, оның ішінде мемлекеттік органдарды тарту жолымен Бағдарламаның ашықтығын қамтамасыз ету;

\* Бағдарламаның іске асырылу барысын бақылау, үйлестіру және талдау және оның даму перспективасын айқындау;

\* Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігін, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін Бағдарламаның іске асырылу барысы туралы уақытылы және толық ақпаратпен қамтамасыз ету;

\* жергілікті жерлерде заемшыларды несиелендіру, қаражаттың қайтарымдылығын қамтамасыз ету болуы тиіс.

## VII. Бағдарламаны қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру мынадай көздерден:

1. Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының бюджетінде Мемлекеттік жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорының кіріс бөлігіне осы мақсатқа арналып түскен соманың шегінде көзделген қаражаттан.

2. Халықаралық ұйымдар мен шетелдік мемлекеттердің гранттарынан.

3. Отандық және өзге де донорлық ұйымдардың гранттарынан, сондай-ақ жеке жылу берулерден.

4. Шағын несиелер бойынша сыйақылардың (мүдделердің) "Шағын несие" ҮЕҰ есебінен жиналған қаражатынан.

5. Заңдарда тыйым салынбаған және Бағдарламаның мақсаты мен принциптеріне қайшы келмейтін өзге де көздерден көзделеді.

Бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар шағын несиелер берумен және оларға қызмет көрсетумен тікелей байланысты шығыстардан басқа, Бағдарламаны басқару жөніндегі қызметті қамтамасыз етуге арналған шығыстарды ("Шағын несие" ҮЕҰ-ның Қамқоршылық кеңесі айқындаған мөлшерлерінде) қамтуы тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК